

5. Nurzhanova, S. (2012) Psychological support of the professional development of students during their studies at the university. Digest of international scientific and practical conference "Research University: a synthesis of science, education and innovation", Astana, 452-456.

Жаксылыкова К.Б., Нуржанова С.А.

Жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы кезеңінде бірінші курс студенттеріне психологиялық қырынан қолдау көрсету.

Түйіндеме. Мақалада жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттеріне оқудың алғашқы кезеңінде психологиялық қолдау жасаудың маңызы мен өзіндік ерекшеліктері жайындағы мәселелер қарастырылады. Мұнда жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісі жағдайында бірінші курс студенттері арасында алғашқы оқу кезеңі барысында психологиялық қырынан көмек көрсету жұмыстарын жүргізудің қажеттігін дәйектейтін анкеталық зерттеу жұмысының жалпылама нәтижесі, анкеталық сұрақ-жауаптың мазмұны бойынша мәліметтер беріледі. Жоғары оқу орындарының оқу кезеңіне байланысты бірінші курс студенттер арасында жүргізілетін психологиялық жұмыстарды әр түрлі оқыту технологияларына негіздеп ұйымдастыру, оқу формалары мен психологиялық қызмет түрлері мәселесі де жан жақты сөз болады.

Түйін сөздер: үйрену үрдісі, тұлғаның кәсіби дамуы, психологиялық көмек, жоғары оқу орындарындағы психологиялық қызмет.

Жаксылыкова К.Б., Нуржанова С.А.

Психологическая поддержка студентов первого курса во время их адаптации на начальном этапе обучения в вузе.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы психологической поддержки студентов-первокурсников на первом этапе обучения в вузе. Представлены обобщенные результаты проведенного исследования, данные анкетного опроса выявляющего актуальность психологической поддержки студентов-первокурсников на начальном этапе обучения. В данной работе внимание акцентируется на различиях в технологии психологической поддержки в зависимости от этапа обучения. Предложены задачи, в решении которых могла бы принять участие психологическая служба вуза, а также возможные формы работы по программе психологической поддержки. Подчеркивается актуальность и важность организации системы психологического сопровождения в вузе.

Ключевые слова: процесс адаптации, личностно-профессиональное развитие, психологическая поддержка, психологическая служба вуза.

УДК 81'42; 801.7

Г. А. Жанұзақова

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulmir_zhan@mail.ru)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндеме: Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Білім беру – аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты.

Кілтті сөздер: құндылық, шығармашылық, білім жүйесі, менталитет.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген [1, 16]. Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру

5. Nurzhanova, S. (2012) Psychological support of the professional development of students during their studies at the university. Digest of international scientific and practical conference "Research University: a synthesis of science, education and innovation", Astana, 452-456.

Жаксылыкова К.Б., Нуржанова С.А.

Жоғары оқу орындарында оқудың алғашқы кезеңінде бірінші курс студенттеріне психологиялық қырынан қолдау көрсету.

Түйіндеме. Мақалада жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттеріне оқудың алғашқы кезеңінде психологиялық қолдау жасаудың маңызы мен өзіндік ерекшеліктері жайындағы мәселелер қарастырылады. Мұнда жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісі жағдайында бірінші курс студенттері арасында алғашқы оқу кезеңі барысында психологиялық қырынан көмек көрсету жұмыстарын жүргізудің қажеттігін дәйектейтін анкеталық зерттеу жұмысының жалпылама нәтижесі, анкеталық сұрақ-жауаптың мазмұны бойынша мәліметтер беріледі. Жоғары оқу орындарының оқу кезеңіне байланысты бірінші курс студенттер арасында жүргізілетін психологиялық жұмыстарды әр түрлі оқыту технологияларына негіздеп ұйымдастыру, оқу формалары мен психологиялық қызмет түрлері мәселесі де жан жақты сөз болады.

Түйін сөздер: үйрену үрдісі, тұлғаның кәсіби дамуы, психологиялық көмек, жоғары оқу орындарындағы психологиялық қызмет.

Жаксылыкова К.Б., Нуржанова С.А.

Психологическая поддержка студентов первого курса во время их адаптации на начальном этапе обучения в вузе.

Резюме. В статье рассматриваются вопросы психологической поддержки студентов-первокурсников на первом этапе обучения в вузе. Представлены обобщенные результаты проведенного исследования, данные анкетного опроса выявляющего актуальность психологической поддержки студентов-первокурсников на начальном этапе обучения. В данной работе внимание акцентируется на различиях в технологии психологической поддержки в зависимости от этапа обучения. Предложены задачи, в решении которых могла бы принять участие психологическая служба вуза, а также возможные формы работы по программе психологической поддержки. Подчеркивается актуальность и важность организации системы психологического сопровождения в вузе.

Ключевые слова: процесс адаптации, личностно-профессиональное развитие, психологическая поддержка, психологическая служба вуза.

УДК 81'42; 801.7

Г. А. Жанұзақова

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: gulmir_zhan@mail.ru)

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Түйіндеме: Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Білім беру – аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты.

Кілтті сөздер: құндылық, шығармашылық, білім жүйесі, менталитет.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - делінген [1, 16]. Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру

технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Педагогикалық оқыту теориясы – білім берудің формалары мен әдістерін, оқытудың мазмұны қамтылады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі дидактика теориясына сүйенеді. Дидактикада қазақ тілінен білім берудің ұстанымдары мен әдістерінің теориясын, оқу үрдісінің заңдылықтары қарастырылады. Оқытудың мақсатын гумандық негізге құрып, ақылды, білікті, зиялы адам тәрбиелеу мәселесіне назар аудартылды. Оқыту ісіне қойылатын басты дидактикалық талаптар: оқытуға қолайлы уақытты таңдау, оқушыларды сабақ оқуға ынталандыру, материалды біртіндеп күрделендіру, анық пайда келтіретін нәрсені ғана оқыту, саналы меңгерту, сатылы оқыту, оқу көрнекілігі т.б. болып табылады. Қай мемлекеттің де негізгі тірегі -, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. "Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады (Қазақстан-2030 бағдарламасы). Әрине, "келешектің иесі - жастар". "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Оқушылардың танымдық белсенділігін жетілдіру, оқушылардың ойлауы мен тілін дамыту, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуын басты міндет етіп қоюға мүмкіндік береді. Осындай көптеген маңызды міндеттерді шешудің тиімді жолы – оқытудың жаңа формаларын енгізу болып табылады. Жаңа педагогикалық технология жүйесі мектепте оқыту жүйесінің барлық құраушы бөлшектерін анықтап, олардың іске қосылуы мен нәтижелі болуына барлық компоненттер бірдей ат салысуы міндетті деп саналады. Ол компоненттер: мақсат, оқу мазмұны, әдістер, құралдар, танымдылық қызметті ұйымдастыру түрлері, оқыту нәтижелері, гуманистік бағыттағы және тұлға тәрбиесі болып келеді. Білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы, ақпараттануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау, білім беруді саралау, ізгілендіру, гуманитарландыру және т.т. – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасында да ғылымды демократияландыру, интеграциялау, инновациялық процестің білім, ғылым саласында кең өріс алуы да атап көрсетілген. [3, с.1]

Білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Яғни, ХХІ ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі - жоғары білімде. Өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі. Сондықтан білімгерді тек маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу. [7]

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің

жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Білім беру – аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа үрдістің мән-мағынасы, сипаты мен бағыт-бағдарын айқындаушы дәйекті факторлар:

Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет болып қалыптасуы;

- экономиканың нарықтық моделін ұстанып, меншіктің түрлі пішімдерін дамыту;
- ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруі болып отыр.

Кез келген диалектикалық даму үрдісі секілді нарықтық экономика жағдайына байланысты білім беру жүйесін реформалау ісі де қарама-қайшылықтарсыз емес. Мұның өзі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті талап етеді.

Білім беру реформасын одан әрі тереңдете жүргізу жаңа замандық база жасауды қажет етіп отыр. Ең алдыменен, ел экономикасының нарықтық жаңа кезеңіне өту барысындағы білім жүйесін қалыптастыратын заң баптары керек болды. Азаматтардың білім алу құқығын айқындайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабының қағидасын толығырақ мазмұндап, білім берудің мемлекеттік емес секторларының орны мен рөлін, шетелдік, халықаралық, діни білім беру ұйымдарының құқықтық негіздерін нақтылап, білім мекемелерінің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы қызметтік міндеттерін белгілеу қажеттілігі туындады. [3]

Жаңа модельге сәйкес орта білім беру жүйесі жалпы орта, бастауыш кәсіби және орта білім беруді қамтиды.

Базалық білім мектеп қабырғасында беріледі. Тоғызыншы сыныпты бітіргеннен кейін оқушылар тек кәсіптік мектептерде ғана емес, сонымен қатар кәсіби орта білім беретін оқу орындарында да оқуын жалғастыра алады.

Жоғары кәсіби білім беру құрылымы үш сатыдан тұрады: жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнаулы білім, жоғары ғылыми-педагогикалық немесе мамандандырылған білім (магистратура).

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

• білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

• ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

• баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

• мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

• қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ойтұжырымдары төмендегіше сипатталады:

• есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;
- оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. [5, с. 384]

Қазіргі кезде педагогикалық технология ұғымы біздің педагогикалық лексиконымызға берік еніп келеді. Дегенмен, оның мән-мағынасы туралы пікірлер алуан түрлі. Түсіндірме сөздікте: "Технология – бұл қандайда болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы" делінсе, Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу процесіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді және педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылымы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 12 жылдық білім ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-сараптамалық журнал, №3 2008ж
2. Республикалық әдістемелік журнал «Мектептегі шет тілі» №1-6. 2004 жыл
3. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 5-6.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 25,
5. В.С. Кукушкин. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособие для учителя. (Серия "Учение с увлечением"). – Ростов н/Д: изд-во "Феникс", 2004.- 384 с.
6. И.П. Подласый. Педагогика начальной школы: Учебное пособие .- М.: Гуманит. Изд.центр ВЛАДОС, 2000.- 400 с.
7. Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования.- Алматы, Научно-издательский центр "Ғылым", 2001 г., 296 с.
- 8.В.А. Хуторской. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования. // «Народные образования», №2, 2003. 58-94-б
9. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
- 10.К.Құдайбергенова. Құзырлық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008. 30- 32-б

Жанузакова Г. А.

Теоретические основы новых направлений в системе образования

Резюме: В работе рассмотрены перспективы развития научных исследований в области информатизации профессионального образования в аспекте совершенствования теории, технологии, методов и организационных форм профессионального образования на базе средств информационных и коммуникационных технологий. Исследования предполагают выявление содержательных линий изучения закономерностей профессиональной предметной области и направлений использования средств ИКТ в науке и технике.

Ключевые слова: ценность, творческий, система образования, менталитет

Zhanuzakova G. A.

Theoretical bases of the directions in a new way on an education system

Summary: In work prospects of development of scientific issledokvaniye in the field of informatization of professional education in aspect of improvement of the theory, technology, methods and the organizatsionnykh of forms of professional education on the basis of means the inkformatsionnykh and communication technologies are